

Ауыл шаруашылық
өнідірісінің тиімділігін
көтерудің ұйымдастыру-
экономикалық негіздері

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу

Өсімдік шаруашылығы өнімін тиімді дамыту, оның өнімінің өндірістік шығындарын төмендету мақсатында өнімді қайта өңдеу және өткізу инфрақұрылымына байланыстыра отырып, өндірістерді өңірлік мамандандыру қамтамасыз етілетін болады.

Малды тұқымдық жақсарту, сондай-ақ бордақылау тиімділігін арттыру мақсатында жеке қосалқы және фермерлік шаруашылықтарда асыл тұқымды бұқалардың әлеуеті пайдаланылатын болады.



Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау

Инвестициялық субсидиялау құралы 19 бағыт (49 паспорт) бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына, техникаға және жабдыққа арналған инвестициялық шығындарды ішінара өтеуге (20%-дан 80%-ға дейін) бағытталған. Осы мемлекеттік қолдау шарасы іске асырыла бастағаннан бері (2014 - 2015 жылдар) жалпы субсидиялар сомасы 19,1 млрд теңгеге барлығы 2 729 АӨК субъектісі субсидияланып, тартылған инвестициялар сомасы 67,8 млрд теңгені құрады.

Инвестициялық субсидиялар есебінен тартылған инвестициялардың негізгі үлесінің 55%-ы мал шаруашылығына (37,6 млрд теңге), 35%-ы өсімдік шаруашылығына (23,2 млрд теңге), 10%-ы мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге (7 млрд теңге) тиесілі.





НЕСИЕ СЕРІКТЕСТІГІНЕ, АУЫЛДЫҚ ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВІНЕ ЖӘНЕ ШАҒЫН НЕСИЕ ҰЙЫМЫНА НЕСИЕ ҚАЖЕТ БОЛСА, ҚАЗАГРОДАН АЛУҒА БОЛАТЫН КӨМЕК

Аграрлық несиелік корпорациясы несиелік серіктестіктері арқылы

- несиелік серіктестіктері өз қатысушыларын негізгі қаражаттарды иеленуге, құрылысқа және айналым қаражаттарын толықтыруға 9 жылға дейін, 8%-дан бастап, 1 млн. теңгеден бастап несиелендіруі үшін;
 - «Сыбаға» бағдарламасы бойынша – 7 жылға дейін, 6%-дан бастап, 1 млн. теңгеден 20 млн. теңгеге дейін несиелендіреді.
- Сонымен қатар ауылдық тұтыну кооперативтерін:**
- 10 жылға дейін, 6%-бен, 1 млн. теңгеден бастап несиелендіреді.


Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры шағын несиелік ұйымдарын

- «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы бойынша – 4,5 жылға дейін, 2%-бен, 500 млн. теңгеге дейін;
- әрі қарай шағын несиелік бөлу үшін – 6 жылға дейін, 7,5%-бен, 350 млн. теңгеге дейін;
- егіс және жиын-терім жұмыстарын жүргізу үшін – 12 айға дейін, 4%-бен, 1 млрд. теңгеге дейін;
- «Сыбаға» бағдарламасы бойынша – 8 жылға дейін, 2%-бен, 350 млн. теңгеге дейін несиелендіреді.

Қазагромаркетингтің Ауылдық ақпараттық-кеңес беру орталықтарына, ҚазАгроның еншілес компанияларының филиалдарына немесе **8 800 080 70 80** тегін телефонына хабарласып, тиесілі түсіндіру мен көмекке қол жеткізіңіз!



МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА СУБСИДИЯЛАР БЕРУ



АШТӨ

1

- 3 айдан артық емес уақыт аралығында өткізілген өнімдерге немесе бір жылдан артық емес уақыт аралығында сатып алынған асыл тұқымды малға субсидия алуға өтінім береді + толық құжаттар пакетін ұсынады

Аудандық
Әкімдіктің
А/Ш бөлімі

2

- АШТӨ өтінімдерінің жиынтық тізімін 2 аптада кемінде 1 рет қалыптастырады

Облыстық
А/Ш басқармасы

4

- 3 жұмыс күні ішінде АШТӨ-нің облыстық әкімдік бекіткен тізімдерін және субсидиялар сомаларын ұсынады



3

- АШТӨ өтінімдерінің жиынтық тізімін 5 жұмыс күні ішінде қалыптастырады

5

- 3 жұмыс күні ішінде субсидияларды төлейді

Қызмет түрлері бойынша сауықтырылатын берешектің негізгі үлесінің 73%-ы өсімдік шаруашылығы саласына, 2%-ы мал шаруашылығына, 3%-ы ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуге және 22%-ы басқа да қызмет түрлеріне тиесілі.

Берешекті сауықтандыруға мақұлданған жалпы соманың 72%-ы немесе 376,4 млрд теңгесі ірі аграрлық холдингтердің қарызына тиесілі.




Өсімдік шаруашылығын сипаттау

2015 жылы жалпы өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі 1,8 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 10,5%-ға төмен. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы құрылымындағы саланың үлесі 55,2%-ды құрады.

2011 - 2015 жылдары дәнді дақылдардың егіс алаңы 16,2 млн гектардан 15,0 млн гектарға дейін қысқарды. Осы бес жылда орташа жылдық астық жиналымы 18,8 млн тоннаны құрады

2011 - 2015 жылдардағы егіс алаңдарының серпіні, млн гектар



2016 жылы дәнді дақылдардың (бидай, арпа, сұлы) егіс алаңының 1 гектарына арналған АШТӨ өндірістік шығындары орта есеппен 1 гектарға 31657 - 36834 теңгені, астыққа арналған жүгері 114488 теңгені, майлы дақылдар 26487 теңгеден (рапс) 40159 теңгеге (күнбағыс) дейін, қант қызылшасы 215407 теңгені құрайды.



Мал шаруашылығын сипаттау

Жалпы мал шаруашылығы өнімінің көлемі 2015 жылы 1,5 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 5,1%-ға жоғары. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы құрылымындағы саланың үлесі 44,4%-ды құрады.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ірі қара мал басының саны 2011 жылмен салыстырғанда 8,3%-ға, жылқы - 28,7%-ға, қой - 1,5%-ға, құс - 8,3%-ға ұлғайған.



Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері мен құстың асыл тұқымды басының үлесі айтарлықтай ұлғайды және 2015 жылдың қорытындылары бойынша: ірі қара мал (бұдан әрі - ІҚМ) - 10,6%-ға, қой - 15,1%-ға, шошқа - 19,9%-ға, жылқы - 7,9%-ға, түйе - 13,1%-ға және құс - 17,1%-ға ұлғайған



Ауыл шаруашылығындағы даму бағдарламалары

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы еліміздің агроөнеркәсіптік кешені субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және Қазақстанда жалпы ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған.



**Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік
кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020
жылдарға арналған «Агробизнес-2020»
бағдарламасын іске асыру мерзімдері мен
кезеңдері:**

- 1 кезең: 2013-2015 жылдары (АӨК-ні дамытудың
берік іргетасын қалау);**
- 2 кезең: 2016-2020 жылдары (ауыл шаруашылығы
өнімдерінің өндіріс көлемін елеулі түрде өсіру,
еліміздің импортқа тәуелділігін қысқарту және
экспорттық әлеуетті іске асыру.**

Бағдарламаны 2013 - 2020 жылдары іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген жалпы шығыстар барлығы 3 122,2 млрд. теңгені құрайды, оның ішінде:

- ▶ 2013 жылы- 339,7 млрд. теңге*
- ▶ 2014 жылы- 466,0 млрд. теңге*
- ▶ 2015 жылы- 322,7 млрд. теңге*
- ▶ 2016 жылы - 340,7 млрд. теңге
- ▶ 2017 жылы - 383,5 млрд. теңге
- ▶ 2018 жылы - 406,9 млрд. теңге
- ▶ 2019 жылы - 414,3 млрд. теңге
- ▶ 2020 жылы - 448,4 млрд. теңге - сомалар тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетке сәйкес нақтыланатын болады .

Назарларыңызға рахмет!!!